

ӘОЖ 338.22(=512.1)

## РӘСІМДІК ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тоқтамыс Құралай Құмарбекқызы

[kuralaytoktamys@gmail.com](mailto:kuralaytoktamys@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология факультеті, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. К. Сәтенова, ф.ғ.д., профессор

Әр елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сипаттайтын сөздерді рәсімдік тілдік бірліктер деп атаймыз. Рәсімдік тілдік бірліктер көркем әдебиетте жиі кездеседі. Аталған тілдік бірліктер этностың тарихымен, менталитетімен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты.

Т.Жанұзақов редакциялаған түсіндірме сөздікте «рәсім» сөзіне келесідей анықтамалар берілген: а) салт, әдет-ғұрып, дәстүр; ә) белгіленген тәртіп бойынша өтетін салтанатты ресми акт [1, 688б.]. Қазақ әдебиетінің түсіндірме сөздігінде «рәсім – белгілі бір әрекетті жария етіп жасаудың қалыптасқан, қоғам түзген тәртібі» делінген [2, 501б.]. Осы берілген анықтамаларға сәйкес рәсімдік тілдік бірліктерді реалия сөздердің бір тармағы деп айтуымызға болады. Себебі, *реалия* дегеніміз - көбінесе басқа тілде лексикалық баламасы жоқ материалдық мәдениеттің құбылысы, этностың ерекшелігі, әдет-ғұрпы, рәсімі және тарихи фактілері мен оқиғалары [3, 678б.].

Тіл білімі тарихында тіл мәселелерін, сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрыпымен байланыстыра зерттеу жөнінде алғашқы пікір XVII ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі И.Гердердің поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде В.Гумбольдт еңбегінде кездеседі. Реалия сөздердің аударма саласында алғаш зерттелуі шетел лингвисттері мен аудармашылары Н.Соболев, С.Влахов, С.Флорин, Е.Супрун есімдерімен байланысты. Одан кейінгі уақытта реалия термині лингводидактика, елтану, мәдениеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларына қатысты зерттеулерде қолданыла бастады. Осы бағытта алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізгендер қатарына Л.Вайсбурд, М.Верещагин, Г.Костомаров, Д.Томахин, Г.Тер-Минасова және Л.Новикова сынды ғалымдарды жатқызамыз.

Рәсімдік тілдік бірліктердің зерттелу тарихына көз жүгіртетін болсақ, оны жекелей алып зерттеген ғалымдар көп кездеспейді. Рәсімдік тілдік бірліктер көбінесе реалия сөздерді топтастыру барысында белгілі бір тармағы ретінде қарастырылған. Мысалы, С.Влахов пен С.Флориннің «Непереводимое в переводе» еңбегінде реалия сөздер келесідей жіктелген:

1. Географиялық
2. Этнографиялық
3. Саяси-әлеуметтік

Осының ішінде этнографиялық реалиялардың түрлері:

1. Тұрмыс
2. Еңбек
3. Өнер және мәдениет

Осы жіктеменің ішінде рәсімдік тілдік бірліктер «өнер және мәдениет» тобына жатқызылған. Берілген мысалдар: *мартеница, проштапалник, коляда, конфирмация, баннз, вендетта, церемония ця-но-ю (шай церемониясы), сурвакар, кукер, ряженые, тамада, заговезни, масленица, маттанца, задушница, рамазан* [4, 54б.].

Ағылшын ғалымы П.Ньюмарк аударма саласындағы өз еңбегінде реалия сөздерді «*cultural words*», яғни *мәдени сөздер* деп атаған. Мәдени сөздер белгілі бір тілге тән және сөзбе-сөз аударылмайды [5, 95б.]. М.Бэйкер оның идеясын қолдап, «түпнұсқа тілде берілген концепт аударылатын тілде болмауы мүмкін» дейді [6, 21б.].

П. Ньюмарк ұсынған реалия сөздердің жіктемесі:

1. Экологиялық (географиялық атаулар);
2. Заттық мәдениет ( тағам, киім, үй, көлік атаулары );
3. Әлеуметтік мәдениет ( жұмыс және көңіл көтеру );
4. Салт-дәстүрлер, концепт;
5. БІМ-ишара, әдеп.

Рәсімдік тілдік бірліктер әртүрлі тақырыптық топтарға бөлініп зерттеліп келеді. Орыс зерттеушілерінің ішінде К.Байбуурин орыс, қазақ, татар, украин, неміс тілдеріндегі бесік жырларын салғастыра зерттеген. Ал келесі ғалымдар, атап айтқанда, В.Марков, А.Мельникова, Н.Мурзин, М.Толстая, А.Хренов орыс және ағылшын менталитетінің өзгешелігін той рәсіміне қатысты тілдік бірліктер арқылы зерттеген.

Рәсімдік тілдік бірліктер салғастырмалы тіл білімінде және аударматану тұрғысынан арнайы зерттелмегенімен, отандық этнолингвист және лексиколог ғалымдар этностың мәдениетін, салт-дәстүрін тіл арқылы зерттеу мәселесіне барынша назар аударған. Мысалы, өткен ғасырдың 80-жылдарындағы Ә.Қайдар, Р.Сыздық, М.Копыленко, Е.Жанпеисов еңбектерінен бастау алған зерттеу бағыты Н.Уәлиұлы, Ж.Манкеева т.б ғалымдардың зерттеулерінде нақты жалғасын тапты.

Отандық зерттеушілер арасынан Е. Жанпеисовтың «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты еңбегін атап өтуге болады. Автор бұл еңбегінде М.Әуезовтің шығармаларында кездесетін этнолексемалардың мағыналарын ашып көрсеткен. *Жоқтау, кит, айттыру, қалың мал, шоқ беру, қалжа, бастаңғы, тас алу* тәрізді қазақ халқының мәдениетіне ғана тән рәсімдердің анықтамалары беріліп, тарихи-лингвистикалық талдау жасалған [7, 107б.].

«Екі ұлттың мәдениеті ешқашан бір-біріне толығымен сәйкес келмейді және бұл құбылыстың басты себебі әр ұлттың өзіне ғана тән тілдік бірліктерінің болуында», - дейді М.Верещагин мен Г.Костомаров [8, 84б.]. Рәсімдік тілдік бірліктердің аударма тілінде сәйкес эквиваленттері кездеспеуі салдарынан бірқатар қиындықтар туындайды. Бұл қиындықтар есебінен аударма жасау барысында қателіктердің орын алуы әбден мүмкін. Мысалы:

*Қос қолы қызыл қанға боялғанына қарамай, он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері Деуіті Қыпшаққа хан етіп, ақ киізге көтерді.*

*At seventeen Abulkhair was lifted up on a white felt mat to be proclaimed khan.*

Аударма сәтті орындалған, дегенмен сілтеме жасап, *was lifted on a white felt mat – it is Kazakh national custom* дегенді, яғни хан сайлау дәстүрі бар екендігін ашып айту керек еді.

*Ал кей жау жүрек батыр ұлдары, қастарына саяқ жинап, кейде хан тұқымының мыңдаған жылқысын барымталап әкететін.*

*It ended up in some great warriors assembling horsemen to drive away the khan's horses.*

*Барымта* – қазақтың ескі салт-дәстүрі бойынша кінәлі жақ белгіленген құнды өтей алмаған жағдайда билер шешімімен барымта жасауға рұқсат берілетін. Аударма барысында сілтеме жасау дұрыс болар еді деп есептейміз. Себебі аударма нұсқада барымтаның аттарды жай ғана ұрлау емес екендігі, ежелгі салт-дәстүрге тән мазмұн, көне бірлік астарындағы ұлттық нышан сақталмаған.

«Абай жолы» романының аудармасынан мысал келтірер болсақ, этномәдени сипатқа ие *шауу* сөзі транскрипция тәсілімен аударылған және сілтеме арқылы мағынасы нақтыланған: *Shashoo* – sweetmeats. Алайда бұл аударманы толыққанды аударма деп есептей алмаймыз, себебі, бұл рәсімнің неліктен жасалатыны жайында нақты мәлімет берілмеген. *Шауу* – тойдumannың басталғандығын білдіреді және байлық пен молшылықтың белгісі деп толықтыруға болар еді. *Shashoo* – a wedding rite. Usually *shashoo* is performed by the authoritative, elderly woman who is happy in marriage life. Throwing sweetmeats and coins has always been usual at weddings, *shildekhana* (a feast given by the birth of a child), any festive occasions and it signifies wealth and fertility.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды қорыта айтар болсақ, зерттеу нысанын талдау барысында қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты сөздердің басым көпшілігі, өкінішке орай, ұлттық нышанын, мәдени сипатын сақтай, нақты аударылмайтындығы анықталды. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді деп есептейміз.

Ағылшын және орыс ғалымдарының аударма саласына қатысты зерттеу жұмыстарында рәсімдік тілдік бірліктердің реалия сөздердің құрамына жатқызылғандығы нақтыланды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі рәсімдік тілдік бірліктердің салғастырмалы негізде және аударматанымдық тұрғыдан арнайы зерттелмегендігі анықталды. Қазақ көркем әдебиеті туындыларын ағылшын тіліне аудару барысында қателердің орын алуының басты себебін аудармашының тілді жетік білмеуі, аялық білімінің жеткіліксіздігі және ұлттың мәдениетіне, тарихына, салт-дәстүріне байланысты кейбір көне тілдік бірліктердің мәнін жете түсінбеуі тәрізді мәселелермен байланыстырамыз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008, 968 б.
2. Үдербаев А., Нақысбеков О., Қоңыратбаева Ж. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010, 752 б.
3. Ефремова Т. Толковый словарь служебных частей речи русского языка. - М.: Астрель : АСТ, 2004, 814 с.
4. Влахов С., Флорин С. Непереваемое в переводе. – Москва: Международные отношения, 1980, 328 с.
5. Newmark P. A Textbook of Translation. - London: Prentice Hall International, 1988, 292 p.
6. Baker M. In other words: A course book on translation. – England: Clays ltd, 1992, 301 p.
7. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауезова). – Алма-Ата: Наука, 1989, 288с.
8. Верещагин Е., Костомаров В. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. Методическое руководство, издание 4 переработанное и дополненное. – Москва: Русский язык, 1990, 251с.